

# АВТОРЛЫҚ КЕЛІСІМШАРТ

Павлодар қаласы

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

Бұдан әрі «Автор» деп аталатын \_\_\_\_\_

бір жағынан, бұдан әрі «Кітапхана» деп аталытын С. Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Шахметова Шолпан Баянқызы мына төмендегі мәселелер бойынша осы шартты жасасты.

## 1. Келісімшарттың нысаны

Автор Кітапханаға Электрондық мемлекеттік кітапхана қоры – С.Торайғыров атындағы Павлодарлық ОӘФК «Павлодар Ертіс Өңірі», бұдан әрі электронды кітапхана «Павлодар Ертіс Өңірі» кітапхана сайтында ([www.pavlodarlibrary.kz](http://www.pavlodarlibrary.kz)) ашық негізінде төмендегі туындылардың толықмәтінді базаларын (бұдан әрі Кітаптар деп аталады) енгізу және осы шартқа керсетілгендей, электрондық нұсқаға ауыстырылған материалдарды 2015 жылдың бастап анықталмаған мерзімге \_\_\_\_\_ дейін пайдалану құқығын береді:

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

**2.1.** Осы келісімшарт бойышша Автор Кітапханаға қайтарымсыз негізде төмендегі құқықтарды береді:

**2.1.1.** Кітаптардың немесе оның тарауларының электрондық көшірмелерін жасау және оларды С.Торайғыров атындағы Павлодарлық ОӘФК электрондық депозаторийінде сақтау;

**2.1.2.** Кітаптардың электрондық көшірмелерін С.Торайғыров атындағы Павлодарлық ОӘФК порталы арқылы ашық негізде ұсыну;

**2.1.3.** Кітаптардың тарауларын қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарға көшіру және оқырмандардың тапсырыстары бойынша жекелеген тараулардың қағаз немесе электрондық тасымалдағыштағы көшірмелерін жасау;

**2.2.** Автор кітаптардың электрондық көшірмелерінің толық мәтінін өз бетінше пайдалану немесе кітапты пайдаланудың осындай құқығын үшінші тұлғаларға беру құқығын өз құзырында қалдырады.

**2.3.** (Автор Кітапханаға электрондық көшірмелерді берген жағдайда толтырылады) Автор Кітапханаға «Павлодар Ертіс Өңірі» электронды кітапхананың талаптарына сай электрондық тасымалдағыштарға (дискіге, дискетаға, т.б.) көшірілген форматта немесе электрондық поштамен (керек емесін сызып тастау) мына файлдарды табыс етеді: және табыс етілген Кітаптың толық мәтінінің «Павлодар Ертіс Өңірі» электронды кітапхананың қорына сақтауға келіп түскен Кітаптың баспа нұсқасымен сәйкестігіне кепілдік береді.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі**

**3.1.** Тараптардың жауапкершіліктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес анықталады.

### **4. Келісімшарттың құпиялылығы**

**4.1.** Бұл келісімнің шарттары құпия және оларды жария етуге болмайды.

### **5. Өзара таластарды шешу**

**5.1.** Осы шарттың мәтінінде көрсетілмеген мәселелер бойынша тараптардың арасында туындауы мүмкін барлық таластар мен келіспеушіліктер қолданыстағы заңнаманың және істі жүргізудің дәстүрі негізінде келіссөз жолымен шешілетін болады.

**5.2.** Даулы мәселелер келіссөз барысында реттелмеген жағдайда, олар сот арқылы шешілетін болады.

### **6. Шарттың мерзімі**

**6.1.** Аталмыш шарт қол қойылғаннан сәттен бастап күшіне енеді және оның қолданыс мерзімі шектелмейді.

### **7. Шартты беру ережелері**

**7.1.** Тараптар шарттың күшін өзара жазбаша келісім бойынша тоқтатуға құқылы.

**7.2.** Келісім жасаған кезде Автор жоғарыда көрсетілген құқықтарға ие болмаса, Кітапхана шартты бұза алады.

## **8. Түйіндеуші мәселелер**

**8.1.** Осы шартта қаралмаған басқа мәселелерді тараптар қолданыстағы заңнамалар негізінде реттейді.

**8.2.** Осы шартқа енгізілген кез-келген өзгертулер мен толықтырулардың, егер олар жазбаша түрде жасалып және тараптар немесе тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана, заңды күші бар.

**8.3.** Барлық хабарламалар осы шарттың 8.5 тармағында көрсетілген тараптардың мекен-жайларына жазбаша түрде жолдануы керек.

**8.4.** Шарт екі данамен жасалады, оның біреуі - Авторда, екіншісі - Кітапханада болады.

**8.5.** Тараптардың мекен-жайлары мен реквизиттері

### **Автор:**

Пошта мекен-жайы:

Телефон:

Электрондық пошта

### **Кітапхана:**

Пошта мекен-жайы:

Павлодар қаласы Ак.Сәтбаев көшесі, 104

Телефон: 32-08-02

E-mail: pavlodarlibrary@rambler.ru

### **Тараптардың қолы:**

Автор

Басшы: Шахметова Ш.Б.